ҰЙҒАРЫМ
(жасалған медиативтік келісімді бекіту туралы)

2023 жылғы 23 қазан №5165-23-00-2/2921 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Р. Сагиндыкова, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен талап қоюшы «Канай» өндірістік кооперативі жауапкер «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне орындалған жұмыстардың ақысын өндіру туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талап қоюмен сотқа жүгінген, онда жауапкерден қарыз сомасын өндіруін сұраған.

Іс бойынша тараптардан дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы және оның медиация рәсімін судья А.Р. Сагиндыкова бекіту туралы өтініш түскен. Тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге қол қойған және олардың қатысуынсыз қарауын сұраған.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңының 27-бабының 5) тармағына сай, азаматтық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дауды реттеу туралы келісім дереу өндірісінде азаматтық іс жатқан судьяға жіберіледі. Дауды реттеу туралы келісімді сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексте (бұдан әрі - АПК) көрсетілген тәртіппен бекітеді.

Сот медиациялық келісім заңға қайшы келмейтінін, басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтынын ескере отырып, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту қажет деп табады.

Тараптарға істі сот медиациясы тәртібімен аяқтаудың салдары, келісімді орындау міндеттілігі, орындалмаған жағдай орын алғанда туындайтын жауапкершіліктері заң тәртібімен түсіндірілді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 277-бабының 6) тармағына және 278-бабының 3-бөлігіне сәйкес, тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса және оны сот бекітсе, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылады. Тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса іс жүргізуді тоқтата отырып, сот ұйғарымда мемлекеттік бажды осы Кодекстің 107-бабының талаптарына сәйкес қайтару туралы көрсетеді.

Сотқа жүгінген кезде талап қоюшы мемлекеттік баж төлеген, алайда медиативтік келісімнің жасалуына байланысты ол қайтаруға жатады.

АПК-нің 179-180, 278, 268- 269-баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРДЫ:

Талап қоюшы «ҚАНАЙ» өндірістік кооперативінің төрағасы Сембиев Данияр Пернебаевич (бұдан әрі - Талап қоюшы) және «Түркістан облысы табиғи ресуртсар және табиғат пайдалануды реттеу басқармкасының «Жаслы аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Бегасилов Ибрагим Жаксыбаевич (бұдан әрі - Жауапкер) арасында медиациялық келісімі төмендегі көрсетілген шарттар бойынша бекітілсін:

1. Жауапкер Талап қоюшының алдында Түркістан қаласының айналасындағы жасыл белдеуде ұңғымалар бұрғылау жұмыстары бойынша жалпы соммасы 862 538 350,30 (сегіз жүз алпыс екі миллион бес жүз отыз сегіз мың үш жүз елу) теңге 30 тиын қарызды толығымен мойындайды;

2. Жауапкер Талап қоюшыға Түркістан қаласының айналасындағы жасыл белдеуде ұңғымалар бұрғылау жұмыстары бойынша жалпы соммасы 862 538 350,30 (сегіз жүз алпыс екі миллион бес жүз отыз сегіз мың үш жүз елу) теңге 30 тиынды келесі кестеге сәйкес,

- 2023 жылғы 30 қазанға дейін - 200 000 000 (екі жүз миллион) теңге,
- 2023 жылғы 15 қарашасына дейін - 500 000 000 (бес жүз миллион) теңге,
- 2023 жылғы 15 желтоқсанына дейін - 150 000 000 (жүз елу миллион) теңге,
- 2024 жылғы 15 қаңтарға дейін - 12 538 350,30 (он екі миллион бес жүз отыз сегіз мың үш жүз елу) теңге 30 тиынды «ҚАНАЙ» өндірістік кооперативінің «БанкЦентрКредит» АҚ-ғы KZ16856000000043840 санды есеп шотына аударып тұруға міндеттенді.

3. Егер кесте бойынша «Жасыл Аймақ» КММ өзіне алған жауапкершілікті өз кезегінде орындамаған жағдайда немесе ішінара (қалдық сомманың) орындамаған жағдайда аталған келісім шарттардың 8 бабы 8.2 тармағына сай тұрақсыздық айыппұлы 10%- төлеуге міндеттенеді.

4. Жауапкер медиативтік келісімнің шарттарын орындамаған жағдайда Талап қоюшы АПК-нің 178-бабының тәртібінде атқару парағын беру үшін Түркістан облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жүгінуге құқылы, яғни ол АПК-нің 19-тарауының қағидалары бойынша мәжбүрлеп орындатуға жатады;

5. Тараптар осы медиация келісімінің шарттары заңға қайшы келмейді және ешкімнің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзбайды деп бекітеді;

6. Әрбір тарап іс бойынша өз атынан Түркістан облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына осы медиациялық келісімді бекіту және азаматтық іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы өтінішхат ұсынады;

7. Осы медиация келісім оны сот бекіткеннен кейін күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толық орындалғанға дейін қолданылады;

8. Сот медиациялық келісім жасасудың құқықтық салдарларынан түсіндірді және олар бойынша сот АПК-нің 277-бабы 6) тармағының негізінде іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады және тараптар нақ сол нысана туралы дау бойынша және нақ сол негіздер бойынша қайтадан сотқа жүгінуге құқылы емес;

9. АПК-нің 278 бабының 3-бөлігі негізінде тараптар соттан АПК-нің 107-бабының талаптарына сәйкес төленген мемлекеттік бажды қайтару туралы шешуді сұрайды.

10. Осы медиативтік келісім теңдей заңды күші бар және бірдей үш тұпнұсқалы данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан және сот үшін бір данада жасалды.

«Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Түркістан қаласының мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінен талап қоюшы «ҚАНАЙ» өндірістік кооперативіне төленген 431 000 (төрт жүз отыз бір мың)теңге мемлекеттік баж салығы қайтарылсын.

Талап қоюшы «ҚАНАЙ» өндірістік кооперативі жауапкер «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Жасыл аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне орындалған жұмыстардың ақысын өндіру туралы азаматтық ісі бойынша іс жүргізу тоқтатылсын.

Ұйғарымға наразы жақ Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің 429-бабының талаптарын сақтай отырып, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Сагиндыкова А.Р.**

Копия верна:

Судья **Сагиндыкова А.Р.**

Справка
Определение вступило в законную силу «06» ноября 2023 г.
Дата выдачи «16» ноября 2023 г.

Судья **Сагиндыкова А.Р.**

Тігілген, нөмірленген және мөрмен
бекітілген 21 (жиырма бір) парақта

Судья _____ А.Р.Сагиндыкова

МЕДИАЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМ

« 23 » қазан 2023ж Түркістан қаласы

Осы медиациялық келісім азаматтық іс тараптары арасында жасалады;

Талап қоюшы: «ҚАНАЙ» өндірістік кооперативінің төрағасы Сембиев Данияр Пернебаевич

Жауапкер: «Түркістан облысы табиғи ресуртсар және табиғат пайдалануды реттеу басқармкасының «Жаслы аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Бегасилов Ибрагим Жаксыбаевич

Талаптың мәні: Келісім шарттар бойынша қарыз өндіру туралы
31.10.2022жылғы №25 санды шарты,
03.11.2022 жылғы №128 санды шарты,
03.11.2022 жылғы №129 санды шарты,
03.11.2022 жылғы №130 санды шарты,
20.12.2022 жылғы №169 санды шарты,

«Медиация туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасы АПК-нің 179- бабының талаптарын басшылыққа ала отырып, Тараптар мынадай шарттармен өзара медиатитвтік келісім жасасты:

1. Жауапкер Талап қоюшының алдында Түркістан қаласының айналасындағы жасыл белдеуде ұңғымалар бұрғылау жұмыстары бойынша жалпы соммасы 862 538 350,30 (сегіз жүз алпыс екі миллион бес жүз отыз сегіз мың үш жүз елу) теңге 30 тиын қарызды толығымен мойындайды;
2. Жауапкер Талап қоюшыға Түркістан қаласының айналасындағы жасыл белдеуде ұңғымалар бұрғылау жұмыстары бойынша жалпы соммасы 862 538 350,30 (сегіз жүз алпыс екі миллион бес жүз отыз сегіз мың үш жүз елу) теңге 30 тиынды келесі кестеге сәйкес,
   - 2023 жылғы 30 қазанға дейін – 200 000 000 (екі жүз миллион) теңге,
   - 2023 жылғы 15 қарашасына дейін – 500 000 000 (бес жүз миллион) теңге,
   - 2023 жылғы 15 желтоқсанына дейін – 150 000 000 (жүз елу миллион) теңге,
   - 2024 жылғы 15 қаңтарға дейін – 12 538 350,30 (он екі миллион бес жүз отыз сегіз мың үш жүз елу) теңге 30 тиынды «ҚАНАЙ» өндірістік кооперативінің «БанкЦентрКредит» АҚ-ғы KZ16856000000043840 санды есеп шотына аударып тұруға міндеттенді.
3. Егер кесте бойынша «Жасыл Аймақ» КММ өзіне алған жауапкершілікті өз кезегінде орындамаған жағдайда немесе ішінара (қалдық сомманың) орындамаған жағдайда аталған келісім шарттардың 8 бабы 8.2 тармағына сай тұрақсыздық айыппұлы 10%- төлеуге міндетенеді.
4. Жауапкер медиативтік келісімнің шарттарын орындамаған жағдайда Талап қоюшы АПК-нің 178-бабының тәртібінде атқару парағын беру үшін Түркістан облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық

ІМС KAZAKHSTAN

экономикалық сотына жүгінуге құқылы, яғни ол АПК-нің 19-тарауының қағидалары бойынша мәжбүрлеп орындатуға жатады;

5. Тараптар осы медиация келісімінің шарттары заңға қайшы келмейді және ешкімнің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзбайды деп бекітеді;
6. Әрбір тарап іс бойынша өз атынан Түркістан облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына осы медиациялық келісімді бекіту және азаматтық іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы өтінішхат ұсынады;
7. Осы медиация келісім оны сот бекіткеннен кейін күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толық орындалғанға дейін қолданылады;
8. Сот медиациялық келісім жасасудың құқықтық салдарларынан түсіндірді және олар бойынша сот АПК-нің 277-бабы 6) тармағының негізінде іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады және тараптар нақ сол нысана туралы дау бойынша және нақ сол негіздер бойынша қайтадан сотқа жүгінуге құқылы емес;
9. АПК-нің 278 бабының 3-бөлігі негізінде тараптар соттан АПК-нің 107-бабының талаптарына сәйкес төленген мемлекеттік бажды қайтару туралы шешуді сұрайды.
10. Осы медиативтік келісім теңдей заңды күші бар және бірдей үш түпнұсқалы данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан және сот үшін бір данада жасалды.

Талап қоюшы
«ҚАНАЙ» өндірістік кооперативі,
басшысы Сембиев Данияр Пернебаевич

_____ «23» **қазан 2023ж**

Жауапкер:
«Түркістан облысы табиғи ресуртсар және табиғат пайдалануды реттеу басқармкасының «Жаслы аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Бегасилов Ибрагим Жаксыбаевич

_____ «23» **қазан 2023ж**

Медиатор
Кенжебаева Гульзира Жумабаевна
Сертификат №01262 20.09.2020ж

_____ «23» **қазан 2023ж**

Акт сверки

Взаимных рассчетов с 01.01.2022 по 19.12.2024 между ПК "Канай" и Коммунальное государственное учреждение "Жасыл Аймак" управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области .

№	Номер договоров и доп. соглашениями	Наименование договора (тенге)	Общая сумма договора (тенге)	Выполненные объемы по договору (тенге)	Оплаченная сумма (тенге)		Не оплаченная сумма по договорам (тенге)
					По договору	По судебному решению	
1	№ 169 от 20.12.2022 г.	Работы по бурению водяных скважин	132 305 000,00	132 305 000,00	1 011 200,00	160 242 000,00	698 296 351
2	№ 130 от 03.11.2022 г.	Работы по бурению водяных скважин(1 шт)	22 830 000,00	22 830 000,00	7 164 100,10		
3	№ 129 от 03.11.2022 г.	Работы по бурению водяных скважин(4 шт)	89 824 999,04	89 824 999,04	24 252 749,00		
4	№ 128 от 03.11.2022 г.	Работы по бурению водяных скважин(1шт)	19 650 000,16	19 650 000,16	6 305 500,00		
5	№ 25 от 31.10.2022 г.	Работы по бурению водяных скважин(40 шт)	868 030 000,00	868 030 000,00	235 368 100,00		
6	№ 54 от 08.11.2022 г.	Работы по бурению водяных скважин	374 551 387,93	374 551 387,93	155 399 138,00	---	219 152 249,93
		ИТОГО	**1 507 191 387,13**	**1 507 191 387,13**	**429 500 787,10**	**160 242 000,00**	**917 448 600**

По данным КГУ "Жасыл Аймак" на 19.12.2024 г. задолженность в пользу ПК "Канай" составляет 917 448 600 KZT
(Девятьсот семнадцать миллионов четыреста сорок восемь тысяч шестьсот тенге)

От КГУ "Жасыл Аймак" Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской

_____ Директор А. Куламетов

_____ Гл. Бухгалтер Н. Мырзабек

М.П.

От ПК "Канай"
БИН 060540007431

_____ Сембиев Д.П.

М.П.